

**Бассейндер және облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) деңгейінде 2016-2025 жылдарға арналған су пайдалану лимиттерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 19 тамыздағы № 367 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 23 қыркүйекте № 14252 болып тіркелді.

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 37-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына және 82-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Бассейндер және облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) деңгейінде 2016-2025 жылдарға арналған су пайдалану лимиттері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) көрсетілген лимиттердің, оларды сақтау бойынша бақылауды қамтамасыз ету үшін су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті органның өңірлік органдарына жеткізілуін;

5) су объектілерінің экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық жай-күйі және су шаруашылығының жағдайы өзгерген жағдайда лимиттерді қайта қарау жөнінде ұсыныс енгізілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі орынбасарының -  
Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы Министрі

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары -  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2018 жылғы 19 тамыздағы  
№ 367 бұйрығымен бекітілген

**Бассейндер және облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) деңгейінде  
2016-2025 жылдарға арналған су пайдалану лимиттері\***

**Ескерту. Лимит жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары –  
ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.12.2018 № 543 (алғашқы ресми  
жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа  
енгізіледі) бұйрығымен.**

№	Облыстардың атауы	Өзендер бассейндерінің атауы	Барлығы, миллион текше метр	оның ішінде, миллион текше метр						
				Коммуналдық тұрмыстық және өнеркәсіптік мұқтаждықтар	Ауыл шаруашылығы		Балық шаруашылығы	Экологиялық мұқтаждықтар және өзгелер		
1	2	3	4	5	барлығы	оның ішінде тұрақты суаруға			6	7
1	Ақмола, оның ішінде Астана қаласы	Есіл өзені	115,0	82,0	32,0	11,0	1,0	0		
		Есіл-Ертіс өзен аралығы	41,0	33,0	6,0	2,0	2,0	0		
		Шағалалы өзені	29,0	21,0	7,0	3,0	1,0	0		
		Нұра өзені	19,5	0,3	19,2	1,8	0	0		
		Жиыны	204,5	136,3	64,2	17,8	4,0	0		
2	Ақтөбе	Жайық өзенінің бассейні (Ор, Елек, Қобда, Жайық және Арал маңының сол жағалау сағалары)	325,0	60,0	50,0	30,0	5,0	210,0		
		Ойыл, Сағыз, Ембі, және Арал маңы өзендері	75,0	45,0	30,0	10,0	0	0		
		Торғай өзені (Ырғыз)	13,2	0,7	12,5	0	0	0		
		Жиыны	413,2	105,7	92,5	40,0	5,0	210,0		
3	Алматы, оның ішінде	Іле өзені	3051,6	385,2	2622,0	2578,4	34,4	10,0		
		Шығыс және	1189,1	67,2	1121,9	1094,6	0	0		

	Алматы қаласы	солтүстік Балқаш маңы өзендері						
		Алакөл, Сасықкөл көлдері	241,0	4,5	236,5	230,0	0	0
		Жиыны	4481,7	456,9	3980,4	3903,0	34,4	10,0
4	Атырау	Жайық өзені	302,3	151,8	76,5	27,0	4,2	69,8
		Еділ өзені	48,3	39,6	4,5	1,2	0	4,2
		Ойыл, Сағыз, Ембі өзендері	24,9	0,9	24,0	0	0	0
		Каспий теңізі	7,5	7,5	0	0	0	0
		Жиыны	383,0	199,8	105,0	28,2	4,2	74,0
5	Батыс Қазақстан	Үлкен және Кіші Өзен өзендері, Шыжа, Ащы, Өзек және Жәнібек суару-суландыру жүйелері	109,0	1,0	5,0	2,0	0	103,0
		Жайық өзені	669,0	39,0	30,0	13,0	0	600,0
		Жиыны	778,0	40,0	35,0	15,0	0	703,0
6	Жамбыл	Шу өзені	1540,0	24,2	1292,8	1227,0	23,0	200,0
		Талас өзені	808,0	40,0	698,0	678,0	0	70,0
		Аса өзені	455,0	30,0	345,0	309,0	0	80,0
		Балқаш көлінің бассейні	3,0	2,0	1,0	0	0	0
		Іле өзенінің бассейні	2,5	1,0	1,5	0	0	0
		Жиыны	2808,5	97,2	2338,3	2214,0	23,0	350,0
7	Қарағанды	Нұра өзені	1411,4	1322,9	88,5	88,5	0	0
		Сарысу өзені	238,2	229,8	8,4	8,4	0	0
		Балқаш көлі	175,5	175,5	0	0	0	0
		Ертіс (Қаныш Сәтпаев атындағы канал)	153,3	101,8	8,3	8,3	1,2	42,0
		Қумола өзені	0,1	0,1	0	0	0	0
		Жиыны	1978,5	1830,1	105,2	105,2	1,2	42,0
8	Қостанай	Тобыл өзені	114,4	82,1	24,4	21,9	1,1	6,8
		Торғай өзені	5,3	4,7	0,6	0,5	0	0
		Жиыны	119,7	86,8	25,0	22,4	1,1	6,8
9	Қызылорда	Сырдария өзені	5429,9	45,0	4174,9	4159,9	10,0	1200,0
		Жиыны	5429,9	45,0	4174,9	4159,9	10,0	1200,0

10	Маңғыстау	Каспий теңізі	1464,9	1464,7	0,2	0,1	0	0
		Арал маңы, Еділ өзені	23,4	22,9	0,5	0	0	0
		Жиыны	1488,3	1487,6	0,7	0,1	0	0
11	Түркістан, оның ішінде Шымкент қаласы	Сырдария өзені	2418,5	11,0	2233,0	2215,2	11,0	163,5
		Арыс өзені	2087,7	127,0	1703,0	1616,1	9,0	248,7
		Шыршық өзені	1009,8	9,0	782,0	750,3	0	218,8
		Қаратау тауының солтүстік баурайының өзендері	65,9	4,0	59,9	51,1	0	2,0
		Жиыны	5581,9	151,0	4777,1	4632,7	20,0	633,0
12	Павлодар	Ертіс өзені	3569,0	2399,7	969,3	70,0	1,0	199,0
		Шідерті өзені	6,0	0,1	5,9	0	0	0
		Өлеңті өзені	2,0	0,1	1,9	0	0	0
		Ащысу, Түндік, Еспе өзендері	23,0	0,1	22,9	0	0	0
		Жиыны	3600,0	2400,0	1000,0	70,0	1,0	199,0
13	Солтүстік Қазақстан	Есіл өзені	72,5	55,0	15,5	3,0	2,0	0
		Есіл-Ертіс өзен аралығы	5,5	1,5	4,0	0,5	0	0
		Шағалалы өзені	7,0	1,0	6,0	0,5	0	0
		Жиыны	85,0	57,5	25,5	4,0	2,0	0
14	Шығыс Қазақстан	Ертіс өзені	916,0	395,0	491,0	270,0	30,0	0
		Балқаш көлі	40,0	5,0	35,0	10,0	0	0
		Алакөл, Сасықкөл көлдері	49,5	2,5	47,0	40,0	0	0
		Жиыны	1005,5	402,5	573,0	270,0	30,0	0
Қазақстан бойынша барлығы:			28357,7	7496,4	17297,6	15532,4	135,9	3427,8

Ескертпе: \* суды пайдалану лимиттері көрсетілген кезең жылдарындағы әр жылға келтірілген.